

Жеке тұрғын үй құрылысының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 16 тамыздағы N 226-ө-1
Өкімі

Қазақстан Республикасында жеке тұрғын үй құрылысының қарқынды дамуына жағдай жасау жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

- | | |
|-------------------------|---|
| Омаров | - Қазақстан Республикасы Индустрия және |
| Қайсар Оспанұлы | сауда министрлігі Құрылыс және тұрғын |
| | үй-коммуналдық шаруашылық істері |
| | комитетінің төрағасы, жетекші |
| Сизов | - Қазақстан Республикасы Жер |
| Александр Павлович | ресурстарын басқару агенттігі |
| | төрағасының бірінші орынбасары, |
| | жетекшінің орынбасары |
| Смағұлов | - Қазақстан Республикасы Индустрия және |
| Сейітжан Айтыбайұлы | сауда министрлігінің Құрылыс және |
| | тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық |
| | істері комитеті тұрғын үй құрылысы |
| | бөлімінің бастығы, хатшы |
| Мамытбеков | - Астана қаласы әкімінің орынбасары |
| Асылжан Сарыбайұлы | |
| Өтеғұлов | - Қазақстан Республикасы Қаржы |
| Мәулен Амангелдіұлы | министрлігінің Қазынашылық комитеті |
| | төрағасының орынбасары |
| Төрекелдиев | - Қазақстан Республикасы Премьер- |
| Болат Сбашұлы | Министрінің Кеңесі Өңірлік даму |
| | бөлімінің бас инспекторы |
| Әзімова | - Қазақстан Республикасы Әділет |
| Эльвира Әбілқасымқызы | министрлігі Заңға тәуелді кесімдер |
| | департаментінің директоры |
| Ермекова | - Қазақстан Республикасы Экономика және |
| Несіпбала Әбдісағитқызы | бюджеттік жоспарлау министрлігі |
| | Салалық органдардың шығыстарын |
| | жоспарлау департаментінің директоры |

Кәрімова
Зағира Ахатқызы

- Қазақстан Республикасы Статистика
агенттігі Статистикалық өндіріс
департаментінің директоры

2. Жұмыс тобы 2005 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасында жеке тұрғын үй құрылысының қарқынды дамуына жағдай жасау жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері белгіленген тәртіппен 2005 жылғы 1 қыркүйекке дейін жұмыс тобына мынадай деректерді көрсете отырып, жеке тұрғын үй құрылысын жандандыру жөнінде ұсыныстар берсін:

2005 жылдың басынан бастап жеке тұрғын үй салуға, оның ішінде Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша тұрғын үй сатып алуға басым құқығы бар халыққа:

1) балалары бар жас отбасыларға;

2) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік органдар мен мекемелер қызметкерлеріне;

3) әлеуметтік саланың мемлекеттік кәсіпорындарының қызметкерлеріне жер телімдерін бөлуге берілген өтініштердің саны;

ағымдағы жылы жеке тұрғын үй салуға, оның ішінде азаматтардың көрсетілген санатына бөлінген жер телімдерінің саны;

салына бастаған жеке тұрғын үй, оның ішінде азаматтардың көрсетілген санатының саны;

жеке тұрғын үй құрылысы аумағының инженерлік желілермен қамтамасыз етілуі.

Премьер-Министр